

**Сабақтың тақырыбы:
Органикалық қосылыстардың
құрылыс теориясы.**



Сабақтың мақсаты:

Органикалық химия пәнінің және органикалық заттардың ерекшеліктерін айқындау. Органикалық заттар, олардың табиғатта таралуы, түрлері, жіктелуі

Органикалық заттар туралы дүние танымын арттыру, білімдерін толықтыру.

Органикалық қосылыстардың адам өміріндегі маңызы, тұрмыста қолданылуы және зиянды жақтары туралы түсініктер қалыптастыру.

Сабақтың көрнекілігі: табиғи органикалық заттар үлгісі, презентациялар.

Сабақтың пәнаралық байланысы: тарих, география.

Сабақтың әдісі: зерттеу, баяндау, кітаппен жұмыс. .

Сабақтың барысы:



1. Ұйымдастыру бөлімі:

Айналаңа қуаныш сыйлай біл!

Психологиялық дайындық

«Егерде мен ...» тренингі

(«Егерде мен...» тренингінде студенттер өздерінің ойындағы бір мамандықты айтып, креативті ойлай отырып, нақты жауап береді)

Студенттерді топқа бөлу .

(Ата-әжелерінің еркелері)



II. Үй тапсырмасы тексеру.
«Қар кесегі» ойыны арқылы
тексеру.



III. Жаңа сабақты түсіндіру.
Интерактивті тақтадан А.М.
Бутлеровтың суретін көрсетіп,
оған зерттеу жұмысын жүргізу,
мәлімет жинау.






Бутлеров Александр Михайлович
(1828-1886) Орыс химигі. Органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясының негізін қалады. Теорияға сүйене отырып бірақатар жаңа қосылыстарды болжап, тұңғыш рет синтездеді. Көптеген органикалық қосылыстардың изомерленуін болжап түсіндірді (1864 ж.). Қанықпаған көмірсутектердің полимерлену реакциясын ашып, жоғары молекулалық қосылыстарды синтездеу жолын тапты. Этиленді гидраттау арқылы этил спиртіні алуды. Қантты заттарды синтездеуді алғаш жүзеге асырды. "Органикалық химияны толық оқуға кіріспе" оқулығын жазды (1864 ж.).

IV. Жаңа сабақты бекіту.

Венн диаграммасы арқылы бекіту.



V. Бағалау (формативті бағалау)



VI. Үй тапсырмасы

§1.2оқу, оқулықтағы №5,6 есеп